

ӘОЖ 327.7

А.Б. Күзембаева*, Г.Е. Ұзақбаева

Халықаралық қатынастар факультеті,
 әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
 *E-mail: asiya_kuz@yahoo.com

БҰҰ және аймақтық ұйымдардың бітімгершілік саласындағы ықпалдастығы (НАТО мысалында)

Бұл мақалада авторлар халықаралық дағдарыстарды реттеу институтының өзгерістерге ұшырауы аясында дамып отырған бітімгершілік саласында БҰҰ мен НАТО-ның өзара әрекеттесуі мәселесін талдау мақсатын қойған. Мақалада әмбебап халықаралық ұйым БҰҰ-ның бітімгершілік саласындағы қызметіне тарихи шолу қарастырылып, ұйымның бітімгерлік қызметінің НАТО сияқты аймақтық ұйымдармен ықпалдастығына сараптама жасалған. Солтүстік Атлант шарты ұйымының өзгеру үдерістері аясында қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз ету саласында қандай жаңа қадамдар белгіленгендігі айқындалды. НАТО-ның қазіргі заманғы өзгерістерге ықпал ететін нысаналы бағдарлары, құрылу үдерісінің инновациялары көрсетілді. НАТО-ның бітімгершілік саласына байланысты көзқарасы мен қызметі талданды.

Түйін сөздер: Біріккен Ұлттар Ұйымы, НАТО, бітімгершілік, өзара әрекеттесу, дағдарыстарды реттеу.

A.B. Kuzembayeva, G. Uzakbayeva

Cooperation between UN and regional organizations in peacekeeping (NATO'S case)

In this article the authors aim to analyze the cooperation of the UN and NATO in peacekeeping processes in the context of changing international crisis regulation institution. The article provides an overview of UN activities in the field of peacekeeping, as well as the function of the United Nations in this field by regional organizations such as NATO. This article assesses the role that NATO plays in peacekeeping and concludes that NATO has not only become a «new» organization but that, in successfully carrying out a peacekeeping role, it has enhanced its importance as the most significant organization in the international security architecture.

Key words: United Nations Organization, NATO, peacekeeping, cooperation, crisis regulation.

А.Б. Кузембаева, Г.Е. Узакбаева

Взаимодействие ООН и региональных организаций в сфере миротворчества (на примере НАТО)

В данной статье авторы поставили задачу проанализировать взаимодействие ООН и НАТО в области миротворчества на фоне изменения международного института урегулирования кризисов. В статье сделан обзор деятельности ООН в области миротворчества, а также выполнения функции ООН в данной области такими региональными организациями, как НАТО. Проанализировано правовое обеспечение операций по поддержанию мира и выявлены особенности взаимодействия Организации Объединенных Наций и НАТО в сфере миротворчества, рассмотрены основные проблемы взаимодействия ООН и НАТО в сфере поддержания международного мира и безопасности.

Ключевые слова: Организация Объединенных Наций, НАТО, миротворчество, взаимодействие, урегулирование кризисов.

Аймақтық тұрақсыздық мәселелері ХХІ ғасырдың күрделі жаһанды қауіп-қатерлерінің біріне айналды. Блоктық қарсыластықтың аяқталуы халықаралық қауіпсіздік саласында түбегейлі өзгерістерге алып келмеді. Жаһандану

дәуірінде әлем мемлекеттерінің өзара тәуелділігі тез арада нығаюда, ал кейбір мемлекеттердің қауіпсіздік мәселелері көршілес және алыс орналасқан мемлекеттердің мүдделерін қозғап отыр. Этникааралық, конфессиялық, әлеуметтік-

экономикалық сипаттағы қақтығыстар халықаралық өлшемге ие болуда және «халықаралық органның тұрақтылығына ықпал ете отырып, халықаралық қатынастар субъектілерін жауап қайтаруға итермелейді, сонымен қатар халықаралық қоғамның араласу объектісі болып отыр» [1].

Қақтығыстарды реттеу, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде бітімгершілік болып табылады. БҰҰ Бас Хатшысы Пан Ги Мун бейбітшілікті қамтамасыз ету операцияларына арналған Қауіпсіздік Кеңесінің арнайы отырысында сөйлеген сөзінде: «Халықаралық ынтымақтастықтың басқа құралдарының біреуі де бітімгершілік тәрізді саяси қолғабыс, қауіпсіздік пен құқықтың басымдылығын және адам құқықтарының қорғалуы секілді аспектілерді қамтымайды» деген болатын [2].

БҰҰ бастауымен бейбітшілікті қолдау бойынша алғашқы операциясы 1948 жылы Израиль мен Палестина арасындағы қақтығыстың ушығуы салдарынан жүзеге асырылды. Сол жылдан бастау алып, бітімгершілік операциялары кейін Үндістан мен Пәкістан, Ливан, Йемен, Батыс Жаңа Гвинея, Конго, Доминикан Республикасы, Кипр, Ангола, Гаити және т.б. елдерде орын алған болатын.

2013 жылы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің маңызды құралы – БҰҰ бітімгершілігі өзінің алпыс бес жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл елеулі жыл БҰҰ қызметінің осы бағытын қорытындылап қана қоймай, сонымен қатар халықаралық қауымдастықтың болашақтағы көз тігетін жаңа бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. 2013 жылдың желтоқсан айында басқаруында 122 елдің өкілі бар, адам құрамының жалпы саны 100 мыңға жуық болатын және жылдық бюджеті 7 млрд АҚШ долларын құрайтын БҰҰ Хатшылығының Бейбітшілікті қамтамасыз ету операциялары департаменті 16 операцияны жүзеге асырды [3]. Бұл бітімгершілік саласындағы БҰҰ-ның ерекше рөлін айқындайтындығы шүбәсіз.

БҰҰ Бас Хатшысы қызметін атқарған Бутрос Бутрос Гали «Әлем үшін күн тәртібі» баяндамасында бітімгершілікті «аймақта БҰҰ өкілдерінің қақтығысқа қатысушы барлық тараптардың келісімі негізінде орналастырылуы» ретінде айқындаған болатын [4]. Дегенмен соңғы жылдары қақтығысқа халықаралық деңгейде араласу тәжірибесіне БҰҰ-дан басқа да көптеген қатысушылар тартылуда.

Қазіргі таңда бітімгершілік қызметтің теориясы мен тәжірибесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Бұл, біріншіден, бітімгершілік операцияларды жүзеге асыруға қажеттіліктің артуы, ал екіншіден, бұл саладағы БҰҰ әлеуетінің шектеулі болуы себебінен халықаралық қатынастар жүйесіндегі қақтығыстарды реттеу институтының тығырыққа тірелуімен анықталады. Біріккен Ұлттар Ұйымының жүзеге асырып отырған бейбітшілікті қолдау операциялары жиі қақтығыстардың реттелуін қамтамасыз етуге қауқарсыз болуы, ал көптеген жағдайларда БҰҰ күрделі халықаралық дағдарыстарды реттеуге тартылмауда.

БҰҰ және НАТО-ның бітімгершілік саласындағы ықпалдастығы

Қазіргі бітімгершілік қызмет халықаралық құқықтың нормалары мен принциптеріне сәйкес жүргізілетін және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіпті жоюға, халықаралық даулардың реттелуіне, бейбіт жолмен әскери қақтығыстарды алдын алу мен тоқтатуға бағытталған халықаралық ұйымдардың саяси, экономикалық, әскери және басқа да сипаттағы ұжымдық әрекеттерімен сипатталады.

Соңғы жылдары БҰҰ бастауындағы операциялармен қатар аймақтық ұйымдар жүзеге асыратын жаңа бітімгершілік операциялардың түрі қалыптасты. Бұл тұрғыда НАТО сияқты халықаралық қатынастар жүйесіндегі беделді ұйымның бітімгершілік бағытын қарастыру аса маңызды болып табылады.

НАТО бітімгершілік стратегиясының дайындалуы Солтүстікатлантикалық одақтың жалпы трансформациясы үдерісінің маңызды бір құрауышына айналды. Қазақстандық сарапшы В. Алесиннің пікірінше, «Еуропада және әлемде қалыптасқан жағдайға жауап ретінде орын алған НАТО-ның түбегейлі өзгеру үдерісі дағдарысты еңсеру бойынша міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті тетіктерді құруға, сондай-ақ жаңа серіктес-мемлекеттермен ынтымақтастықтаса отырып, бітімгершілік және бейбітшілікті қолдау операцияларын жүргізуге бағытталған НАТО әскери құрылымдары мен қарулы күштерінің қайта ұйымдастырылуымен айқындалады» [5].

НАТО бітімгершілік қызметі бірқатар құжаттармен реттеледі, соның ішінде ең маңыздысы – Солтүстікатлантикалық одақтың 1999 жылғы стратегиялық концепциясы.

1999 жылғы стратегиялық концепциясында НАТО басқа ұйымдармен ынтымақтаса отырып, қақтығыстардың алдын алуға ықпалдасатындығы, ал дағдарыстың пайда болуы жағдайында халықаралық құқыққа сәйкес тиімді түрде реттеуге қатысатындығы, белгілі бір жағдайға байланысты және өзінің тәртіптеріне сәйкес бітімгершілік және басқа да операцияларды БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі бастауымен немесе ЕҚЫҰ жауапкершілігі аясында, оның ішінде өзінің ресурстарымен және тәжірибесімен бөлісу арқылы жүргізетіндігі көрсетілген болатын [6].

Лиссабонда өткен саммитте қабылданған одақтың жаңа стратегиялық концепциясында НАТО-ның дағдарысты реттеуге қатысты бірыңғай көзқарасы ұйымның дағдарыстың барлық кезеңдеріне қатысуын көздейді, сондықтан «НАТО дағдарыстарды алдын алу, оларды реттеу, қақтығыстан кейінгі жағдайды тұрақтандыру және қайта қалпына келтіруді қолдау мақсатында мүмкін болатын және қажетті аумақта әрекет етеді» [7].

БҰҰ Жарғысының VIII бөлімі және Солтүстікатлантикалық одақтың БҰҰ негізін қалаушы қағидаттарына бейілділігін растайтын Вашингтон келісімі (1949 ж.) осындай мәселелерді шешу үшін құқықтық негіз болып табылады.

90-жылдардан бастап НАТО төрт бітімгершілік операцияларға қатысты: Югославия аумағында (Босния мен Герцеговина Республикасы, Косово аймағы), Ауғанстан және Ирак. НАТО өзінің алғашқы үш бітімгершілік операцияларын жүзеге асыру үшін БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тарапынан қолдауға ие болғандығын айтып өту қажет.

НАТО-ның бітімгершілік стратегиясының іс жүзінде жүзеге асырылуы Босния мен Герцеговина аумағындағы қарулы қақтығысты реттеу барысында көрініс тапты. Жалпы, НАТО-ның босниялық операциясы бейбітшілікті орнату операцияларын жүргізудің негізгі принциптеріне сәйкес келгендігін, халықаралық құқық нормаларын бұзбағандығын мойындау керек. Босниядағы НАТО әрекеттері БҰҰ «көгілдір каскаларының» операциясы мен басқа да делдалдық және гуманитарлық ұйымдардың әрекеттерімен қатар балқан дағдарысының халықаралық реттелуінің бір құралы ретінде бағаланды. Алайда қақтығыстың дамуы барысында НАТО әрекеттерінің дербестігі арта түсті, бұл өз кезегінде Босния аумағындағы

бейбітшілікті қайта қалпына келтіру үдерісінен БҰҰ-ның біртіндеп ығыстырылуына алып келді.

Осылайша, балқан дағдарысы бітімгершілік стратегиясының іс жүзінде жүзеге асырылу орнына айналды, сонымен қатар НАТО-ның БҰҰ-дан өзінің құқықтық тәуелсіздігін бекіту талпынысын айқындады. Солтүстікатлантикалық одақтың босниялық қақтығысты реттеуге белсенді араласуы қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің қалыптасуына, халықаралық бітімгершілік қызмет тетіктерінің өзгеруіне тікелей ықпал етті. Бұл бейбітшілікті қолдау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында бірнеше халықаралық ұйымдар арасында өзіндік «еңбек бөлінісіне» негізделген бітімгершіліктің жаңа үлгісінің қалыптасуына түрткі болды.

Егер де НАТО-ның Косоводағы бітімгершілік операциясының ұйғарғандылығы кең таралған талқылауға ұшыраса, керісінше, Ауғанстандағы операция мүдделі тараптың келісімінің болуы негізінде жүргізілгендігі және бұл ұйымның бітімгершіліктің негізгі қағидатын ұстанғандығының айқын дәлелі болды.

НАТО-ның Ауғанстандағы операциясы Солтүстікатлантикалық одақтың қырғи-қабақ соғысынан кейінгі жаһандық ниеттерінің айқын көрінісі болды. Солтүстікатлантикалық одақ өз тарихында алғаш рет дәстүрлі жауапкершілік аумағынан тыс аймақта халықаралық операция жүргізу жауапкершілігін өз мойнына алды. Одақтың Ауғанстандағы операциясы мен қақтығыстан кейінгі жағдайды орнықтыру ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және қазіргі кезде басты қауіптердің бірі болып табылатын халықаралық лаңкестікпен күреске қатысты НАТО-ның концептуалды көзқарасы өзгерісінің іс жүзінде жүзеге асырылуының айғағы болды.

2003 жылдан бері Солтүстікатлантикалық одақ БҰҰ мандаты бойынша халықаралық қауіпсіздікке жәрдемдесу күштерін (ХҚЖК) басқарып келеді. Алғашқы кезде халықаралық қауіпсіздікке жәрдемдесу күштері алдында Кабул мен жақын орналасқан аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу міндеті тұрды. Кейінгі БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесі қабылдаған резолюциялары халықаралық қауіпсіздікке жәрдемдесу күштеріне мемлекеттің басқа да аудандарында орталық үкіметтің билік құзыреттілігін кеңейтуді, мемлекеттің дамуы мен қайта қалпына келуіне қолдау көрсетуді жүктеді. НАТО мен ХҚЖК БҰҰ-

ның Ауғанстандағы миссиясымен, сондай-ақ мемлекеттік басқару, жағдайды қалпына келтіру мен тұрақтандыру бойынша жұмыс жүргізіп отырған басқа да халықаралық құрылымдармен тығыз ықпалдасуда.

Атап өтілген тығыз ықпалдастық Ауғанстанда да, БҰҰ мен НАТО елдерінің астаналарында да түрлі форматта жүзеге асуда. Бұл халықаралық қауымдастық бекіткен Ауған келісімінің орындалуына бақылауды жүзеге асыратын үйлестіру мен мониторинг жөніндегі біріккен кеңеске мүше болуды, Ауғанстан үкіметінің қатысуымен аймақтарды қалпына келтіру топтарының атқарушы бас комитетінде, сонымен қатар Ауғанстан мен халықаралық қауымдастық бірге қатысатын басқа да органдарда бірлескен төрағалық етуді қамтиды.

Қазіргі таңда бақылауға болатын Ауғанстандағы салыстырмалы тұрақтылыққа қарамастан, бұл аумақтағы ішкі саяси жағдайын не халықаралық қауіпсіздікке жәрдемдесу күштерінің, не НАТО-ның іс жүзінде толықтай бақылай алмай жатқандығын айтып көрсеткен жөн. Бұл елдің қазіргі дамуындағы белгілі бір жағымды тұстар аясында сыртқы және ішкі тәуекелдерге ұшырайтын әскери-саяси жағдайы шиеленісті сипатын сақтап отыр және де жағдайдың тұрақтануында НАТО негізгі рөлді ойнайды деп айту ерте. Ауғанстанның бейбітшілік, ішкі тыныштық пен экономикалық қайта жаңаруға бағытталған жолға түсу мәселесі қайшылықты болып табылады. Соғыстан кейінгі жағдайдағы ең маңыздысы – бұл Ауғанстан төңірегіндегі жаһандық және аймақтық жағдайдың елеулі өзгеруі болып табылады. Қазіргі таңда Ауғанстандағы жағдайға шешуші ықпал ету қауқары бар түрлі саяси күштер арасындағы қарама-қайшылықтардың ушығу мүмкіндігі үлкен қауіп төндіруде.

Қорытынды

Жоғарыда атап өтілген БҰҰ мен НАТО-ның іс жүзіндегі ықпалдасу мысалдары негізінде әр ұйымның рөлі мен міндеттеріндегі айырмашылық аталған ұйымдардың белгілі бір аймақта да және тұтастай халықаралық қауіпсіздік кеңістігінде де ынтымақтастық әлеуетін айтарлықтай шектеп отыр деп қорытынды жасауға болады. Ұйымдардың бітімгершілік саласындағы

өзара әрекеттесуінің сараптамасы ресми түрде жарияланған ынтымақтастық деңгейі іс жүзіндегі жүзеге асырылатын ықпалдастықтың мазмұнына сәйкес келмейтіндігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, БҰҰ мен Солтүстік-атлантикалық одақтың өзара қарым-қатынастары «қырғи-қабақ соғысының» аяқталуымен елеулі өзгерістерге ұшырады. 1990 жылдардан бастап Одақты жаңа шынайылыққа бейімдеу, Батыс саясатындағы және тұтастай халықаралық қатынастардағы жаңа рөлін айқындау бойынша түрлі бастамалар жүзеге асырылып отыр.

АҚШ-тағы 2001 жылдың 11 қыркүйегінде орын алған лаңкестік оқиғалардан кейін НАТО-да стратегияларды, тактика мен әскери-саяси әлеуетті ауқымы мен қарқындылығын болжау қиынға соғатын халықаралық қауіпсіздік жағдайының өзгеруіне бейімдеу мақсатында көпсатылы трансформациялық үдеріс жүруде. Жүйелі трансформация жолына түскен НАТО ұзақ мерзімді болашақта өзінің өмір сүруін тоқтатпай, одан әрі дамуын жалғастыратындығы айқын көрінеді.

Қазіргі таңда НАТО дипломатиялық құралдар мен қоғамдық дипломатияны, ресми және бейресми механизмдерді қамтитын саяси құралдардың жиынтығын қолдануда, ал әскери-қорғаныстық сипаттағы дәстүрлі міндеттерге бітімгершілік миссиялар, гуманитарлы сипаттағы операциялар кешені және түрлі қарусыздандыру, ғылыми, гуманитарлық, экологиялық бағдарламалар қосылды.

Осылайша, альянстың стратегиялық белсенділігінің географиялық шекараларының кеңеюі қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүйесінің маңызды факторы ретінде нығаюына алып келді. Бүгінгі күні БҰҰ мен НАТО қауіпсіздіктің қазіргі қыр көрсетулері сияқты күрделі мәселелер бойынша өзара ықпалдастығын дамытып отырса да, ынтымақтастықтың нәтижелері жеткіліксіз деп қорытындылауға болады. Ұйымдардың тәжірибе жүзіндегі өзара қарым-қатынастары ресми түрде жарияланған стратегиялық серіктестікке сәйкес келмейді, олардың атқарымдық алмастырушылығы артып келеді және бұл бітімгершілік және қауіпсіздіктің жаңа қауіп-қатерлерімен күресу сияқты әрекет ету салаларында деструктивті бәсекелестік элементтерінің пайда болуына алып келуі мүмкін.

Әдебиеттер

- 1 Nikitin A.I. Mezhdunarodniye konflikty i ih regulirovaniye // Mirovaya politika: problemy teoreticheskoi identifikacii I sovremennogo razvitiya. Politicheskaya nauka. Ezhegodnik. 2005. - M. 2006. - S. 99.
- 2 Remarks to Security Council open debate on United Nations Peacekeeping: A Multidisciplinary Approach. Secretary-General Ban Ki-moon, Security Council, 21 January 2013. // www.un.org: URL: <<http://www.un.org/News/Press/docs/2013/sc10888.doc.htm>> Accessed: 6/02/2014
- 3 2013 Year in Review // www.un.org: URL:<<http://www.un.org/en/peacekeeping/news/yir2013.shtml#timeline>> Accessed: 6/02/2014; Boutros Boutros Ghali. An Agenda for Peace: Preventive Diplomacy. Peacemaking and Peacekeeping. Report of the Secretary-General pursuant to the statement adopted by the Summit Meeting of the Security Council on 31 January 1992. - A/47/277-S/24111. - N.Y.- 17 June 1992. - P.6.
- 4 Alessin V. NATO v novoi arkhitekture mezhdunarodnoi bezopasnosti // www.kisi.kz: URL: <<http://kisi.kz/img/docs/1085.pdf>> Accessed: 6/02/2014
- 5 The Alliance's Strategic Concept. Approved by the Heads of State and Government participating in the meeting of the North Atlantic Council in Washington D.C. // www.nato.int: URL <http://www.nato.int/cps/en/natolive/official_texts_27433.htm?selectedLocale=en> Accessed: 6/02/2014
- 6 Strategic Concept For the Defence and Security of The Members of the North Atlantic Treaty Organisation. Adopted by Heads of State and Government in Lisbon // www.nato.int: URL <<http://www.nato.int/lisbon2010/strategic-concept-2010-eng.pdf>> Accessed: 6/02/2014